ISSN 2788-7979 (online)
12 *Anglo-Russko-Uzbeksky tolkovy slovar' terminov operatsionnykh sistem informatsionnykh tekhnologiy* [English-Russian-Uzbek explanatory dictionary of terms of operating systems of information technologies] (2009). Toshkent: "Fan" nashriyoti [in Uzbek]
13 Ysqaqov, A. (1991), Qazirgi *qazaq tili: Morfologıa* [Morphology of the modern Kazakh language]. Almaty: Ana tili. [in Kazakh]
14 Nurmukhametova, Q. T. (2000). *Esimshe + zat esim úlgisindegi sóz tirkesteriniń sintagmalıq erekshelikteri* (Avtoreferat) [Syntagmatic Features of Participial + Noun Phrase Structures: Author's Abstract of the Dissertation for the Degree of Candidate of Philological Sciences]. Almaty [in Kazakh]
15 Qulmanov, S. Q. (2022). Bilim berý júıesi terminologıasyn birizdendirúdiń gylymi-praktikalyq máseleleri (qazaq tilindegi mektep oqýlyqtary negizinde) [Білім беру жүйесі терминологиясын біріздендірудің ғылыми-практикалық мәселелері (қазақ тіліндегі мектеп оқулықтары негізінде)] *Shet tildik gylymi terminderdi aýdaru: teorıasy men tájirıbesi* (pp. 123–128). Astana: Sh. Shayakhmetov atyndaǵy "Til-Qazyna" últtyq gylymi-praktikalyq ortalyǵy [in Kazakh]

Received: 19.02.2025

ҒТАМР 16.21.33 DOI: 10.59102/kufil/2025/iss1pp104-114

Ш. Құрманбайұлы[1], М.Е. Әділов[1]
[1] Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, 050000, Қазақстан Республикасы

ҚАТЫН СӨЗІНІҢ СЕМАНТИКАСЫ

Тіл-тілде сөздің мағынасы өзгереді, дамиды. Сөздің семантикасы тарылса, енді бірде кеңейеді. Тіл білімінде сөз мағынасының жағымды немесе жағымсыз сипатқа ие болуы деген мәселе де арнайы қарастырылады. Сөздің жағымды сипатқа ие болуына байланысты жаман, шіркін, жауыз, шіркін, жынды, сұмдық деген сияқты сөздерді мысал ретінде келтіруге болады. Осылардың ішінде жаман, шіркін деген жағымсыз мәндегі сөздер «көз тимес» үшін айтылып, кейін келе-келе жақсы мағынаға ауысқан. Мәселен, осы күні «тамаша» деген семаға ие «шіркін» сөзінің түпкі мағынасы «жаман» дегенге саяды. Сол секілді балаға көз тимес үшін айтылған «жаман бала» деген тіркестегі «жаман» сөзі де «жақсы» мағынаға ауысып, тіпті кісі есімдерінде Жаман, Жаманбай, Жамантай түрінде айтылып кеткен. Мысалы, түрік тілінде «йаман» деген сөз тек жақсы мәнде айтылса, біздің «керемет» дегенді білдіретін «шіркін» атауымыз «жаман» контексінде жұмсалады.

Ал сөз мағынасының жағымсыз сипатқа ие болуы деген мәселеге келсек, осы мақалаға арқау болған қатын сөзі де мағына жағынан ауысуға ұшыраған. Өйткені бұл термин о баста «ханым, ханша, ханшайым» деген жағымды мағынада қолданылып, қазіргі кездері «жаман, кәрі, ұрысқақ әйел» дегенді аңғартатын болған. Осылайша мақалада көне түркі тілінен бері XX ғасырдың бастарына дейін жағымды мағынада қолданылған «қатын» сөзінің мағыналық өзгерісінің тарихы қарастырылады. Сөздің қазақтың ұлы ақыны Абайдың тілінде және Алаш қайраткерлері шығармаларында қалай құбылып қолданылғаны талданады. Терминнің жағымсыз мағынаға ауысуындағы себептері ашылып көрсетіледі.

Кілт сөздер: семантика, сөз мағынасының өзгеруі, қатын сөзі, Абай, Алаш қайраткерлері, дөрекі сөздер.

ISSN 2788-7979 (online)

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қатын сөзінің мағыналық өзгеруі жөнінде БАҚ беттерінде жиі жазылып, ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері әлеуметтік желіде жиі талқыланғанымен, жеке ғылыми мақала қазақ тілінде әлі күнге дейін жазылған жоқ. Ақпараттық порталдарда «Қатын деп кімді айтамыз», «Қатын» сөзі қандай мағынаны білдіреді», «Әйел» сөзінің орнына «қатын» сөзін қолдану дұрыс па», «Қатын» десе, қуаныңыз», «Қатын» деген қадірлі сөз», «Қатын» және «әйел» сөздерінің қайсысын қолданған дұрыс», т.с.с. тақырыптардағы жазбаларда халықтық этимологиямен бірге көбіне «әйел» деп айту дұрыс па әлде «қатын» деу керек пе деген мәселе қамтылған. Дегенмен түрік тіліндегі «Kadın sözcüğünün tarihsel süreç içerisinde değişen anlamları (Қатын сөзінің тарихи процесстер барысында ауысқан мағыналары)» [1, 69], «Köktürk harfli Yenisey yazıtlarındaki kadını bildiren kelimelerin anlamına göre eski Türklerde kadın imajı (Енисей ескерткіштеріндегі қатын мағынасындағы сөздер негізінде көне түркілерде әйел образы)» [2, 57] деп аталатын тікелей осы тақырыпқа байланысты ғылыми мақалалар біздің тарапымыздан басшылыққа алынды.

КІРІСПЕ

Туыстық атаулардың семантикасын зерттеген Л. Покровская түркі тілдерінің ішінде қазақ, хакас және алтай тілдерінде *қатун* сөзі мағыналық жағынан жағымсыз реңк алғанын алға тартады. Көне түркі ескерткіштері мен қазіргі түрік тілінде болса жағымды семантикасында қолданылатынын да ескертеді [3, 59].

Р. Сыздық қазақ тілінде араб негізді әйел тұлғасының актив қолданысынан *қатын* атауы қолданыстан ығысқанын айтып, оны қазір мағыналық жағынан ескірген, яғни семантикалық ескілікке жатқызады [4, 37].

БАҚ беттерінде көбіне *қатын* сөзінің түбіне байланысты халықтық этимологиялар кең таралған, солардың ішінде «Қатын «байырғы қазақ тілінде «құтым» деген мағынаны берген. Уақыт өте келе дыбыстардың ассимиляциялануы барысында «құтым» сөзі «қатынға» ауысыпты», «Қатын хақан және тун сөздерінен құралған, екеуі қосылып қағанның жұбайы мағынасы шыққан, кейін *қағантун* «қатун» болып қысқарды» секілді қызық бірақ дәлелсіз тұжырымдар бар.

Қазақтың зиялы қауым өкілдері әйел сөзінің қолданысқа жаңадан кіргенін алға тартып, *қатын* сөзі болса көне мағынасын жойды деп бір ауыздан айтады. Мәселен, Ахмет Тоқтабай: «Қатын сөзі – қағанның жәрдемшісі, елдің ұйытқысы немесе анағұрлым кең мағынада «Ел анасы» дегенді білдірген» десе, Қаржаубай Сартқожа, ежелгі түркілер қағанның бас бәйбішесін «қатын» деп атап, оның қызметшілерін «қалаш» деген, қазіргі қолданыстағы «қатын-қалаш» тіркесінің түбі осында жатыр, дейді. Тұрсын Жұртбай: «Бүгінгі әдеби тіл айналымындағы *әйел* ұғымының араб тіліндегі мағынасы – күң, яғни бас еркі жоқ, еңбегіне ақы төленбейтін, басыбайлы үй салмасы дегенді білдіреді. Кеңестік теңгерме саясат тұсында бойына көне тәрбие мен әдеп сіңбеген белсенді қазақ әйелдері: «біз меншік иесі – қатын емеспіз, мал-мүліксіз, басыбайлы крестьянкалар сияқты біз де әйелдерміз» деп таптық астар беріп, содан бастап «әйел» ұғымы жазба әдеби тілдік термин ретінде қалыптасып қалды» дейді.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Мақаладағы лингвистикалық анализдерде негізінен салыстырмалы, салғастырмалы, салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылды. Жекелеген атаулардың түбірі мен мағынасы ажыратылғанда морфемдік, морфологиялық әрі семантикалық талдауға жүгінілді. Араб, парсы тілдерінің түсіндірме сөздіктерімен бірге қазіргі түркі тілдері жеке сөздіктері қарастырылды. Тақырып сөздің төркініне байланысты болғандықтан орыс, қазақ және түрік тіліндегі

ISSN 2788-7979 (online)

этимологиялық әдебиеттер басшылыққа алынды. Сөздің түбіне қатысты ғалымдардың талдаулары беріліп қана қоймай, морфологиялық анализ негізінде жаңа этимологиялық тұжырымдар ұсынылды. Сөздер жеке-жеке теріліп оларға фонетикалық, морфологиялық талдаулар жасалды. Ғалымдардың осы тақырыпқа байланысты ғылыми тұжырымдары жүйелеу, топтау, талдау, сипаттау әдістері арқылы көрсетілді. Сөздерді талдау барысында Абай және өзге қаламгерлерден алынған мысал мәтіндер түпнұсқа қолжазбалар мен қазіргі баспа нұсқаларымен қатар берілді. Сөздің түпкі мағынасын табу үшін туыстас емес тілдер сөздіктері қаралды, соның ішінде парсы тілінің түсіндірме сөздіктері басшылыққа алынды. Қазақ тіліндегі Н. Оңдасынов, Л. Рүстемов, Г. Мамырбекова бастаған зерттеушілердің «Парсыша-қазақша сөздіктері» назардан тыс қалмады. *Қатын* сөзінің семантикасы Абай шығармалары, Алаш қайраткерлерінің тілі негізінде түсіндірілді, сондықтан қазіргі жинақтармен бірге Абай өлеңдері және қара сөздері қолжазбалары (соның ішінде 1907 жылғы Мүрсейіт қолжазбасы бар), XX ғасыр басындағы қаламгерлер еңбектерінің соңғы нұсқалары негізгі әдебиет ретінде қаралды.

НӘТИЖЕЛЕР

Ағылшын этимолог ғалымы Дж. Клаусон *қатын* атауының өте ерте дәуірде соғытша *xwt'y* «патша, хан» және *xwt'yn* «ханның зайыбы, ханша» сөздерінен алынғанын сенімді түрде алға тартады [5, 602]. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздіктерінде де «қатын»-ды парсы тілінен алынған деп көрсеткен. Л. Рүстемовтің де Н. Оңдасыновтың да, қазіргі кезде шығып жатқан Г. Мамырбекованың түсіндірме сөздіктерінде оны парсы сөзіне тірейді [6, 37]. Десек оның түбірін өзімізден іздеу жөн болар, өте көне дәуірлерден келе жатқан төл сөзімізді өз қоржынымыздан алып басқаға қалай телей саламыз.

Қатынды «қатынас» деген сөзбен байланыстығын шығаруға болады, қыз екі елді байланыстырушы дегенді білдіретін *қатынастан қатын* сөзі туындауы ғажап емес (осы пікірді профессор Жантас Жақыповтан естігенбіз).

Қатынның «қосу, жалғау» мағынасындағы *қат-* етістігінен шықты деген пікір де ақылға қонымды. Елді елді жалғайтын-қосатын, ұрпақты дүниеге әкеліп әлемге адам санын қосатын дегенді білдіретін *қату* етістігімен байланысын жоққа шығаруға болмайды. *Қат-* әдеби тілімізде *қос-* етістігіне қарағанда белсенді болмағанмен *сүт қату* дегендей тіркестерде қолданылады. Ол етістік қазіргі оғыз тілдерінде актив сөздер қатарына кіреді. Қырғыз зерттеушісі Нурдин Усеев *келін* сөзі *кел-* етістігінен (үйге келген, шаңыраққа келін боп түскен) шыққандай, *қатын* сөзі де «қатынасу, байланысу, араласу» мағынасындағы *қат-* етістігінен шыққан деп тұжырымдайды [2, 61]. *Қат-* етістігінің көне түркі тілінде күйеуі мен әйелдің қосылуы деген мағынасы болғанға қарағанда жоғарыдағы тұжырымның дұрыс екендігін көрсетеді. Мысалы, Махмұт Қашқари Диуани лұғат-ат түрк еңбегінде *қат-* (қатыл-) етістігінің «әйел мен ер адамның қатынасқа түсуі, төсекте қосылуы» деген мағынасын тіркеген: *ер урағутқа қатылды* «ер әйелмен жыныстық қатынасқа» түсті [7, 267].

Лингвистердің «қабат» мағынасындағы *қат* сөзімен де қатысты көргені семантикалық логикаға салсақ шындыққа жанасады, өйткені *қат* сөзі ауыспалы мағынаға, яғни «жар» дегенге ауысуы әбден мүмкін. Зат есім *қат* және етістік болған *қату* бір болса, екеуімен де бірдей байланысты боп шыға келеді. Екінші жағынан, *қатын* о бастағы «қағанның бәйбішесі» дегеннен шыққан. Этимология бойынша беделді зерттеушілер *қатынды* «қаған» немесе «хан» атауларымен байланыстырады, соның ішінде ағылшын этимологы сэр Джерард Клаусон да бар [5, 602].

Негізі, жалпы туыстық атаулардың көбі *қа* түбірінен шыққан/ *қаң* «әке», *қадаш* «туыс», *қарындас* «бауыр». Түрік тіліндегі этимологиялық сөздіктің авторы Гүленсойдың *қайын* (қайын ата, қайын ана) туыстық атауынан *қатын* сөзі келеді деп айтуы да шындықтан алыстамайды [8, 71]. Неге десек, «қайың ағашы» көнеде *қатын*, *қадын*, *қатун* деп жазылған, «Қатон-қарағай» жер-су атауында да және Сібірдегі Хатун өзенінде қайың ағашының көне формасы тұр. Осылайша *қатын* сөзі *қайын* сөздерін бір түбірден тараған түбі омоним сөздер

ISSN 2788-7979 (online)

деп пайымдаймыз, мысалы: қайын жұрт – «қатынның туыстары», қайын ата – «қатынның әкесі» болып ауысқаны ақылға қонымды. Сөз ортасындағы «д» дыбысының «й»-ға ауысып, әсіресе *қатын* және *қайын* сөздерінің бір екенін және оның әр диалектіде түрлі айтылатынын М. Қашқари еңбегінде тіркеген:

«Йағма, Тохсы, Қыпшақ, Йабақу, Татар, Қай, Чомулдар бір-біріне өз ауызекі тілдеріне ыңғайлап, «д» дыбысын әрдайым «й»-ға ауыстырады және осылай түріктердің «туыс, қайын» дегенді білдіретін *қадын* сөзін ешқашан «д» түрінде айтпайды да *қайын* деп қолданады» [7, 12]. Осы түсіндірмеден кейін сөздік авторы, *кадын* сөзі оғыздарда «қайын, қайын жұрт» деген мағынада қолданылады деп көрсетіп, *Кадаш темиш қаймадуқ, қадһын темиш қаймыш* [7, 173] «Бауыр дегенде бұрылмадық, қайын жұрт дегенде жалт қарадық» мақалын мысал ретінде жазады.

Көне түркі тілінде *қатын* сөзі ең белсенді лексика қатарына кірген, бірақ әйел мағынасында *киши, ебчи, өг, келин, қуйунчу, бегім, ханым* қолданыстары да болған. Солардың ішінде *кіші* сөзі қазақ тілінде «әйел» мағынасында көне элемент болып әлі де жұмсалатынын Е. Жанпейісов ескерткен еді. Сонымен көне түркі тіліндегі *киши* «әйел» сөзі қазақ тілінде *кішілікке алу* [9, 159] тұрақты тіркесінде сақталған. Сөздіктерде *кішілікке алды/кішілікке берді* тіркесі «кіші әйел ретінде тоқалдыққа алды» деп түсіндірілсе де Р. Сыздықова *кішілік* қолданысындағы *кіші* түбірін көне түркі жазба ескеркіштері материалдарына сүйеніп, «жар, әйел» деп түсіндіреді [10, 106]. Е. Жанпейісов *кішілікке алды* фразеологизмінің Абай жолы романында кездесетінін еске салып, *кіші* сөзі бұрынырақ «әйел, жұбай; күң, құл» мағыналарында жұмсалғанын ескертеді. Осылайша кішіліктегі *кіші* сөзі «әйел (жар)» + лік «қатыстылықты білдіретін жұрнақ», екеуі қосылғанда = *кішілік* «әйел ретінде таңдалған, алдын ала келіскен қыз; айттырылған бойжеткен» деп түсіндіреді [9, 160]. Диалектолог ғалым Оқас Нақысбековтің Шу өңірінде «қалың мал орнына жүретін жылқы» мағынасындағы *кіші ат* тіркесін мысал ретінде көрсетуі *кіші* сөзінің түпкі семантикасын тағы да дәлелдей түседі.

Ал көне ескерткіштердегі қолданыстары тіпті дәлелді айғақтай түседі, мәселен Қарахан дәуірінің құнды жәдігері Диуани лұғат-ит түркте қазақ тіліндегідей *кішілікке алу* тіркесі тура солай *киси алды* формасында және «үйленуге қыз алды, әйелдікке алды» мағынасында тіркелген: *Ол киси алды* «ол әйел алды (үйленді)», сонда *кісі* сөзі «әйел» деп жазылған [7, 143]. М. Қашқари сондай-ақ йағма тайпалықтар бұл сөзді *киши* яғни *киши ал* (қазақ тіліндегідей «ш» дыбысымен) деп жазатынын ескертеді: *ол киши алды му?* «ол (ер адам) әйел алды ма (үйленді ме)» [7, 445].

Киси/киши сөзі «әйел, қатын» мағынасында ортағасыр жазба мұралары ішінде Құтты білікте, Орта Азия Құран тәпсірінде және Мәмлүк қыпшақ Китабел идрәк кітабында де тіркелген. Қазіргі түркі тілдерінен оғыз тобында, соның ішінде түрік пен әзербайжан және түрікпен тілдерінде *киши* сөзі «күйеу» деген мағынаға ауысқан болса, қазаққа ең жақын тіл қарақалпақшада *кіше* сөзі «жеңге» семасына өзгерген. Сібір түркі тілдерінде қазақ тіліндегідей «әйел алу, үйлену» мағынасында сақталған, мысалы тува тілінде *кижи бол/кижиге апар* тіркестері «ер адамды үйлендіру, қыз алу» дегенді білдірсе, алтайшада *кижилү* формасы «үйленген» мағынасында, ал *киши алып пер* дегені «үйлендір» дегенге келеді. Якут тілінде оғыз тобындағыдай күйеу мағынасында сақталған болса керек, өйткені саха сөздігінде *кихилен-* етістігі «күйеулі болу; көңілдес табу» деп аударылған (мәліметтер аталған тілдердің сөздіктерінен алынды, мысалы якутско-русский словарь, т.б.).

ТАЛҚЫЛАУ

Қатын «әйел, қалыңдық, ханым».

Қазіргі қазақ тілінде араб тілінен кірген *әйел* сөзі актив қолданысқа еніп, *қатын* сөзін қолданыстан ығыстырды. Тіпті бұл күндері *қатын* сөзі жағымсыз мәнге, жағымсыз сипатқа ие болып отыр. «Қатын» сөзі қазір көпшілік арасында дөрекі қолданыс түрінде естіледі. Дегенмен мұндай стеоретип орыс тіліндегі «баба» қолданысына ұқсатудан пайда болған болуы мүмкін. *Қатын* сөзі қазір көпшілік тарапынан дөрекі сөз деп қабылданғанымен,

ISSN 2788-7979 (online)

ақынның дәуірінде оның тым жақсы мағынасы болған. Жалпы Абай дәуірінде *қатын* атауы әдеби норма болып, жиі қолданылған сөздер қатарына кірген:

«Абайда әйел сөзі 8 рет, ұрғашы 4, ал қатын сөзі ең көп 41 рет қолданылған. Демек, күні бүгінге дейін Абай заманында әдеби норма ретінде көрінетін *қатын* сөзі екен, арабтың әйел сөзі әдеби нормаға енді ене бастағанға ұқсайды» [4, 63].

Абайда *қатын* сөзі бүгінгі күндегідей ерсі семасында емес, «жұбай, жар, ханым» деген мағынада қолданылған, оны ғалымдар да атап көрсетеді:

«Қазіргі қазақ әдеби тілінде көбінесе стильдік мақсатта жұмсалатын зайып, жұбай сөздерін Абай қолданбаған, олардың орнына жар (39 рет) және қатын (бұл мағынада 21 рет) сөздері келеді» [4, 64].

Қатын сөзінің Абайдағы және одан ертедегі жазба мұралардағы қолданысына қарап, қазіргі кезде оның жағымсыз сипатта қолдануымыздың жөн еместігі аңғарылады. Неге десек, түркі жазба ескерткіштері мен тілдерінде әсіресе, Абай тілінде *қатын* формасының өз мәнінде қолданылғанын байқауға болады:

Ақыл керек, іс керек, мінез керек / Ер ұялар іс қылмас *қатын* зерек.
Салақ, олақ, ойнасшы, керім-кербез /Жыртаң-тыртаң қызылдан шығады ерек...
Қатының сені сүйсе, сен де оны сүй / Қоржаң суық келеді кей сасық ми.
Ері ақылды, *қатыны* мінезді боп / Тату болса, райыс үстіндегі үй.
Жоқ болса *қатыныңның* жат өсегі / Болмаса мінезінің еш кесегі,
Майысқан, бейне гүлдей толықсыған / Кем емес алтын тақтан жар төсегі...
Құрбыңның тәуір болса өз мінезі / Абройлы қалжыңмен келсін сөзі.
Сен оған мойын бұрып сөз айтқанда / *Қатыныңда* болмасын оның көзі.
Біреу малма сапсиды салып иін / Салбыраңқы тартыпты жыртық киім.
Енесіне иіртіп шуда жібін / Жас *қатындар* жыртылған жамайды үйін.
Махаббатсыз – дүние бос / Хайуанға оны қосыңдар.
Қызықтан өзге қалсаң бос / *Қатының*, балаң, досың бар.
Қайын бардық, *қатын* алдық,
Енші тиді аз ғана/ Шаруа атандық,
Енді ойландық / Қала берді бозбала.

Өлеңдер 1909 жылғы Петербор баспасынан алынды, жинақта *қатын* деген нұсқа мүлдем жоқ, тек *хатын* түрінде жазылған [11, 14].

Абайдың 1907 жылғы Мүрсейіт жазған қара сөздер қолжазбасына да қарағанымызда онда тек *һатұн* деген көне түркі тіліндегідей нұсқасының кездесетінін байқадық. Ұғынықты болуы үшін қазіргі баспалар мен қолжазбадағы жазылуын қатар көрсетсек:

Тойдан да, топтан да, *қатыннан* да көңілі аз ба, көп пе жалығады (қазіргі жинақ) –
Тойдан да топдан да *һатұннан* да көңіл аз ба көп пе жалығады [12, 41].

Құдайға жазып, жатпай-тұрмай салып жүріп басын, ауылын, *қатын*, баласын сатып жүр (11-қара сөз) – Һұдайға жазып жатпай тұрмай салып жүрүп басын ауылын *һатұн* баласын сатып жүр (ҒК.36/1).

Тоқал *қатын* өр келетұғұны несі? (40-қара сөз) – Тоқал *һатұн* өр келетұғұны несі? (ҒК.42/4).

1907 жылғы Мүрсейіт дайындаған қолжазба өлеңдерінде де *хатын/хатұн* деген нұсқада тіркелген:

Қай мезгілде тойғыздың / Аюдайын ағасын / *Хатыны* мен қалашын? [12, 37].
Біреу малма сапсиды, салып иін / Салбыраңқы тартыпты жыртық киүм.
Енесіне иіртіп шуда жібін / Жас *хатұнлар* жыртылған жамайды үйін (қолжазбадан).
Кедейдүң өзі жүрер малды бағып / Отыруға отын жоқ үзбей жағып.
Мұздаған иүн жылытып, тонұн илеп / Чекпен тігер *хатұны* бүрсең қағып.
Ойнасчы *хатұн* болса қар / Аңдұған ерде қала ма ар? [12, 145].
Хатұнұң сені сүйсе, сен оны сүй / Қоржаң суық келеді кей сасық ми.
Ері ақылды, хатұны мінезді боп / Тату болса, риаз үстүндегі үй (қолжазбадан).

ISSN 2788-7979 (online)

Ал қазіргі жинақтарда «сен де оны сүй» деп басы артық бір буын қосылып кетіп, 11 буындық өлең бір буынға көбейтілген, мысалы:

Қатының сені сүйсе, *сен де* оны сүй / Қоржаң суық келеді кей сасық ми.

Ері ақылды, қатыны мінезді боп / Тату болса, райыс үстіндегі үй.

Көненің көзі мақал-мәтелдерінде де *қатын* сөзі бұрынғы мағынасында айтылады:

Екі *қатын* алыпсың, бір пәлеге қалыпсың.

Қатын өтірік айтпайды, қағыс естиді.

Қазақ байыса *қатын* алады, сарт байыса там соғады.

Қатын алма қайын ал.

Бала – белде, *қатын* жолда.

Жаулық кигеннің бәрі *қатын* емес, бөрік кигеннің бәрі батыр емес.

Хан жарлығынан *қатын* жарлығы күшті.

Бір қатын сыйлаумен *қатын* /Бір *қатын* қинаумен *қатын*.

Нағыз сол *қатын* / Әр нәрсені ойлаумен *қатын*.

Тоғыз *қатынның* толғағы қатар келді.

Көрсетілгендей, Абай шығармалары мен ауыз әдебиеті үлгілерінде *қатын* сөзінің тек жағымды мағынасы ғана сақталған.

Шәкәрімге келсек, онда жағымсыз мәні аңғарылатын сияқты

Қарап жүріп қақтығып / *Қатынша* сөзбен шаптығып

Менікі жөн деп аптығып / Неге түстің азапқа [13, 83].

Қаралы *қатын*, қыздары / Дауыс қып әнге салады

Таяқ ұстап еркектер / Бүкшиіп тұра қалады [13, 91].

XX ғасыр басында болса *қатын* сөзі жағымсыз мағынасына толықтай әлі ауыспаған, бірақ бірте-бірте *әйел* сөзі қолданысқа ене бастағандай, Ә. Бөкейхан мақаласындағы бір үзіндінің өзінен «келіншек» деген мағынада, *қатын, әйел* және *ханым* сөздерін қолданады, бұл үшеуі де қаламгер ұғымында синоним екені аңғарылады:

«Бекет батырдың *қатыны* артынан айдалған батырды қуып барып, қашуға көмек қылып, батыр қашып елге қайтыпты. Орыс жұртында айдалған байына ерген *қатын* көп болады. Біздің *әйеліміз* жақсы деп, орыс жұрты мақтан қылады. Екі декабрістің *ханымдары* – кнегиня Волконская һәм кнегиня Трубецкаяға орыстың ақыны Некрасов шығарған өлең бар: «Русские женщины» деген. Бұлар «каторжная работаға» айдалған ерлерін қуып барған. Бекеттің жырына қарағанда біздің қазақ *әйелі* де мақтануға жарайтын [14, 278].

Алаш қайраткерлері тілінде қатын мен әйел екеуі жарыса қолданылып, *қатын* сөзі толық жағымсыз сипат алмаса да бірте-бірте семантикасы өзгере бастағанға ұқсайды, оны контекстен ұғамыз.

Алаштан кейінгі кезеңде орысша «женщина» сөзінің орнына *әйел* сөзі белсенді айналымға кірген секілді, мәселен Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» романында бес жүзден аса рет қолданған, бір ғана бетінен алынған мысалды көрсеткеннің өзінен-ақ осы қолданыстың Кеңес кезеңінде белсенді жұмсалғанын көреміз:

«Ендеше, бері әкел оны», - деді жерошақ басында отырған *әйелдердің* біреуі. Барғым келмеген мені бір жігіт зорлағандай итермелеп, жерошақ басына алып келіп еді, сол арада топталған *әйелдердің* ішінен мосқалдау біреуі: «Аяққа сорпа құйыңдар да, өкпе-бауырдан, ішек-қарыннан салып беріңдер», - деді. Бір *әйел* шеті кетік үлкендеу қара аяққа сорпа құйып, ішіне көр-жер ет салып берді, мен ішуге кірістім. «Ал, кім баласысың, шырағым»? деді манағы мосқал *әйел*, мен тойынып ап, қолымдағы аяқты қайтарып берген соң: «Мұқанның баласымын», дедім мен... «Алда, бақыр-ай», деді *әйел*, аяған дауыспен, «сен екенсің ғой, Мұқаннан қалған жетім бала? Атың Сәбит қой, сенің». «Мені қайдан біледі бұл танымайтын *әйел*», деп іштей таңырқадым да, тағы басымды изедім. «Бұ баланы қайдан білесің?», деді *әйелге* әлдекімдер. «Білмегенде ше»? деді *әйел,* «біздің үйде туған жоқ па, бұл бала» [15].

Ал *қатын* сөзін көбіне екінші жақтан ауылдың адамдары атынан, ауызекі тілден мысал ретінде ғана келтіреді (сонда өзі көбіне әйел сөзін қолданса, ауыл адамдарының диалогтарында қатын сөзін келтіреді):

ISSN 2788-7979 (online)

«Не деп тұрсың. Жалқы жігіт? Сенен басқа кісі *қатын* алмап па? Әлде, сенің *қатыныңның* олардан артық бірдемесі бар ма? Ештеңе жоқ, жұрттан бөлшектенетін!.. Малға сатылмады демесең, ертең ол да біз сияқты қасабалы *қатын* болады. Ата-анасының жоралғысы. Ойнап-күліп ауылға жаяу барамыз», деп қалыңдығымды қолтықтап алды [15].

Көне түркі жазба мұралары мен орта ғасыр жәдігерлері деректеріне жүгінсек, онда да жағымды семантикасында ғана жұмсалғаны аңғарылады. Тіпті Орхон жазба мұраларында *қатун* сөзі «ханым, ханша, патшайым» деген ең жағымды мағынасында тіркелген:

Түрк будунуғ аты күси йоқ болмазун тийин, қаңым қағаныг, өгүм қатунуғ көтүрмиш теңри «Түрік елі түрік аты жоғалмасын деп тәңір әкем қағанды, анам ханшаны көтерді» (Күлтегін).

XI ғасырдың құнды мұрасы Диуани лұғат-ит түркте де сол қарапайым әйел емес *қатун* атауы «ханым, ақсүйек әйелдер, текті жердің қызы» дегенді білдірген: *Қан иши болса, қатун иши қалыр* (мақал) «Ханның ісі болса, ханымның ісі қалады».

Хорезм-Алтын Орда дәуірі жазба жәдігерлерінде де сол мағына тіркелген: *хатун* «ханым, ханша; бек-мырзалардың әйелі; әйел, отанасы». Қыпшақ ескерткіші Кодекс куманикуста *қатун* «әйел; ханым, ханша». Мәмлүк қыпшақ мұраларында *қатун* «ханым». Анадолы түрік жазба жәдігері Қорқыт ата кітабында *қадун/хатун* «ханым, ханша; ару, отана» (деректер аталған ескерткіштердің сөздіктерінен алынды).

Қазіргі түркі тілдерінде де көбіне «әйел, ханым» деген жағымды мәнінде жұмсалады, бірақ қырғыз және кейбір сібірдегі тілдерде қазақ тіліндегідей жағымсыз мағынада айтылады.

Қыпшақ тілдер тобында: қырғыз т. *қатын* «қатын, жаман қатын»; қарақалпақ т. *қатын* «әйел, жар, жұбай»; татар т. *хатын* «әйел»; *хатын-қыз* «қыз-қырқын»; *ирле-хатынлы* «ерлі-зайыпты»; башқұрт т. *қатын* «әйел»; *қатын-қыз* «қатын-қалаш»; *ирле-қатынлы* «ерлі-зайыпты»; қарашай-балқар т. *қатын* «әйел»; құмық т. *қатын* «әйел».

Қарлұқ тілдерінде: ұйғыр т. *хотун* «әйел»; *хотун-қизлар* «қыр-қырқын»; өзбек т. *хотин* «әйел, жар, жұбай»; *хотин-қизләр* «қыз-қырқын»; *ерү-хотун* «ерлі-зайыпты».

Оғыз тобында: түрік т. *kadın* «әйел, ару, отанасы, әйел-ана; ханым»; әзербайжан т. *gadın* «әйел, ханым, тұрмысқа шыққан, бойжеткен қыз»; түрікмен т. *хатын* «әйел».

Сібір түркілерінде: хакас т. *хадын* «әйел, ханым, отана; кәрі әйел, қатын»; *хат* «жаман әйел, кәрі қатын, кемпір»; алтай т. *қадыт* «әйел, жар; қатын, жаман қатын; жалмауыз кемпір»; тува т. *қада* «әпке, тәте»; *қадай* «әйел, отана; қатын, жаман әйел»; *қат ие* «қайын ана, ене». Якут т. *хотун* «әйел, жар, жұбай, ханым, қатын, қара қатын (карта ойынында)».

ҚОРЫТЫНДЫ

Сайып келгенде, түркі жазба ескерткіштері мен тілдері деректеріне сүйенер болсақ, *қатын* сөзі байырғы түсінікте қазіргі қазақ тіліндегі «ханым» дегенді білдірген. Жоғарыда қай дерекке иек артсақ та, «қатынның» жағымды мағынасында қолданылатынын аңғарамыз. Сонымен, ұлы ақын тілінде *қатын* сөзі ерсі мағынада емес, көне түркі тілі мен қазақтың ескі жазба тіліндегідей «ару, ханым; жар; дана әйел» деген ең жақсы мәнінде жұмсалған, оған дәлел ретінде «Ер ұялар іс қылмас қатын зерек», «Қатының сені сүйсе, сен де оны сүй» деген өлең жолдарын атауға болады. Мұндағы жолдардан қазақ аруының ең қасиетті, ең қадірлі мінезі суреттелген.

Түркі тілдері деректерін салыстырғанда *қатын* сөзінің қазіргі тілдерден қазақ, қырғыз және сібір түркі тілдерінде жағымсыз мағынаға ауысқаны байқалады. Қалған тілдерде әсіресе оғыз және қарлұқ тобы тілдерінде *қатын* сөзінің ең қасиетті мағынасы сақталған. Бізше араб тіліндегі *әйел* сөзі соңғы кездері белсенді айналымға кіріп, төл сөз қатынды табиғи түрде ығыстырды. Қатын болса орысшадағы «баба» сөзіне балама ретінде ұсынылып кеткен сыңайлы.

Қазақ тіліндегі *қатын* сөзі көне түркі тілінен парсы тіліне *хатун* деген формада кіріп, түркі тілдеріне *хатун* деген формада қайта кіргені аңғарылады. Сонда бір сөз түркі тілдерінде екі түрлі нұсқада және екі мағыналық реңкке ие болған. Парсыша *хатун* нұсқасы «ханның

ISSN 2788-7979 (online)

әйелі» деген көне түркі тіліндегідей мағынада айтылса, *қатын* нұсқасы кең таралған «әйел, келіншек» семасында таралған. Парсы тілінде де «патшайым, ханша» деген мағынада сақталуы оның көне түркі дәуірінде алынғанын білдіреді. Қазақ, қырғыз және кейбір түркі тілдерінде *қатынның* жағымсыз мағынаға ауысуы араб тілінен енген *әйел* сөзінің актив қолданысқа кіруінен байланысты болуы мүмкін. Бір мағынада екі сөз қатар қолданылғаннан кейін, біріншісі актив сөзге ауысып, екіншісі жағымсыз мәндегі пассив нұсқаға ауысуы ғажап емес. Сонымен бірге орыс тіліндегі «женшина» және «баба» дегендердің екіншісі жағымсыз мағынада қолданылса, «әйел» мен «қатын» екі сөздің біреуі табиғи түрде немесе орыс тіліндегі «баба»-ға нұсқа ретінде «қатын» таңдалған болса керек.

Қазіргі күні төл сөз «қатыннан» қашып, жат жұрттың «әйелін» ардақтап жүрміз. *Бай* деген қандай қасиетті ұғым болса *қатын* да сондай атау болған. Қазіргі кезде *бай* да *қатын* да хош мағынаны білдіре бермейді. Қасиетті ұғымдардың жағымды мағыналарын осындай жазбалар, дәлелдемелер арқылы да жандандыруға болады. Сол үшін барды бар деп, сөздің негізгі шын мағынасы жәдігерлерде тайға таңба басқандай көрініп тұр.

Осылай сөздің жағымды мағынасынан ауысып, семантикасы тарылу тек қатын ұғымына ғана қатысты емес, қазақтың *бай* деген жақсы сөзі де кеңестік дәуірде жағымсыз сипат алды. Кеңес дәуірінде хандық кезеңдегі сөздерді айтқызбай, оларды айтса таптық көзқараспен феодал, буржуй өктем таптың өкілдері сияқты көрінетін. Көне ұғымдарды айтқан адамдарды жағымсыз, қанаушы таптың өкілі ретінде ұғынылды, осылайша *қатын, бай, ханым, мырза, бек* ұғымдары да советтік кезеңге жағымсыз реңге ие болған, орнына «әйел, жолдас, азамат» сөздері жиірек қолданысқа енген. Сол режімге кірмеген Түркияда болса бұрынғы сөздер жағымсыз сипат алмады, бүгіндері «бай» болсын, «қатын» болсын, біздегі күйеу мен әйел деген мағынада белсенді қолданылады, бай, қатын десе ренжімейді, керісінше ондай «сыйлы» сөзге қуанады. Сайып келгенде, мысалдармен дәлелденгендей алашқа дейінгі кезеңде қатын сөзі қалыпты әрі жағымды мағынада сөз болса, Кеңес кезеңінде *бай, мырза, бек, ханым* сөздері секілді *қатын* да «жағымсыз» сипат ала бастады, сондықтан қазіргі заманда қатыннан қашпай өзімідің көнеден келе жатқан төл сөзімізге бұрынғы мағынасындағыдай қолданған жөн.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын «AP23487260 − Алаш қайраткерлері және XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілінің тарихы» жобасы аясында жазылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Işık Y. Kadın sözcüğünün tarihsel süreç içerisinde değişen anlamları // Түркология. № 3, 2018. – s. 68-84.
2 Useev N. Köktürk harfli Yenisey yazıtlarındaki kadını bildiren kelimelerin anlamına göre eski Türklerde kadın imajı // Dil Araştırmaları. № 11, 2012, – s. 57-66.
3 Покровская Л. Термины родства в тюркских языках // Историческое развитие лексики тюркских языков, с. 11-81. – Москва: Изд-во АН СССР, 1961.
4 Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Санат, 1995. – 207 б.
5 Clauson G. *An Etymological Dictionary of Pre-Thirteen-Century Turkish*. London: Oxford University Press, 1972. – 988 p.
6 Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы. 2017. – 658 б.
7 Ercilasun A., Akkoyunlu Z. Dîvânu Lugâti't-Türk. − Ankara: TDK Yayınları, 2015. – 995 s.
8 Gülensoy T. Türkiye Türkçesindeki Türkçe sözlüklerin köken bilgisi sözlüğü. – İstanbul: Bilge Kültür Sanat, 2018. – 1204 s.
9 Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алматы: Наука, 1989. – 292 с.
10 Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. − Алматы: Санат баспасы, 1994. – 272 бет.

ISSN 2788-7979 (online)
11 Құнанбайұлы А. Абай Петербор баспасы. – Санкт-Петербург: Восточная печать, 1909
12 Петек Е. Абай өлеңдерінің қолжазбасы. – Алматы: Ұлағат баспасы, 2023.
13 Құдайбердіұлы Ш. Қазақ айнасы. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2003. – 295 б.
14. Бөкейхан Ә. Бөкейхан Әлихан шығармалары, толықт. екінші бас., Том Х. – Астана: Сарыарқа, 2016.
15. Мұқанов С. Өмір мектебі. – Алматы: Жазушы, 1970. – 485 б.

Материал 26.01.2025 баспаға түсті

Семантика слова катын

Ш. Курманбайулы[1], М.Е. Адилов[1]
[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, 050000, Республика Казахстан

Язык в языке значение слов меняется, развивается. Семантика слова сужается и расширяется. В лингвистике также рассматривается вопрос о том, имеет ли значение слова положительный или отрицательный характер. В качестве примера можно привести такие слова, как «жаман, шіркін, жауыз, шіркін, жынды, сұмдық», эти слова с плохим значением современем перешли в позитивный характер. Слова с плохим значением «жаман или шіркін» были произнесены, чтобы избежать сглаза, и со временем они превратились в хорошее значение. Например, в этот день слово «шіркін», которое имеет сему замечательный, давно имело плохой смысл. Слово «жаман» в словосочетании «жаман бала», которое произносится для того, чтобы ребенка не сглазили, также имеет хорошее значение и в именах произносится как «Жаман», «Жаманбай», «Жамантай». Например, если в турецком языке слово яман произносится только в хорошем смысле, то наше слово «шіркін», означающее великолепный, употребляется в значении «плохой».

А что касается того, что значение слова имеет негативный характер, то слово «қатын», которое является основой этой статьи, является точным примером. Потому что этот термин изначально использовался в сакральном смысле «госпожа, принцесса, царица», что в наши дни означает «плохая девушка, старая, женщина». В статье рассматривается история семантического изменения слова қатын, использовавшегося в положительном смысле от древнетюркского языка до начала XX века. Анализируется, как слово использовалось в языке великого казахского поэта Абая и в произведениях деятелей Алаш. Будут представлены мотивы перехода термина в отрицательное значение.

Ключевые слова: семантика, изменение значения слова, слово қатын, Абай, грубые слова.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Işık Y. Kadın sözcüğünün tarihsel süreç içerisinde değişen anlamları // Түркология. № 3, 2018. – s. 68-84.
2 Useev N. Köktürk harfli Yenisey yazıtlarındaki kadını bildiren kelimelerin anlamına göre eski Türklerde kadın imajı // Dil Araştırmaları. № 11, 2012, – s. 57-66.
3 Покровская Л. Термины родства в тюркских языках // Историческое развитие лексики тюркских языков, с. 11-81. – Москва: Изд-во АН СССР, 1961.
4 Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Санат, 1995. – 207 б.
5 Clauson, Gerard. *An Etymological Dictionary of Pre-Thirteen-Century Turkish*. London: Oxford University Press, 1972. – 988 p.
6 Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы. 2017. – 658 б.
7 Ercilasun A.; Akkoyunlu Z. Dîvânu Lugâti't-Türk. −Ankara: TDK Yayınları, 2015. – 995 s.

ISSN 2788-7979 (online)
8 Gülensoy T. Türkiye Türkçesindeki Türkçe sözlüklerin köken bilgisi sözlüğü. – İstanbul: Bilge Kültür Sanat, 2018. – 1204 s.
9 Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алматы: Наука, 1989. – 292 с.
10 Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. − Алматы: Санат баспасы, 1994. – 272 бет.
11 Құнанбайұлы А. Абай Петербор баспасы. – Санкт-Петербург: Восточная печать, 1909
12 Петек Е. Абай өлеңдерінің қолжазбасы. – Алматы: Ұлағат баспасы, 2023.
13 Құдайбердіұлы Ш. Қазақ айнасы. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2003. – 295 б.
14 Бөкейхан Ә. Бөкейхан Әлихан шығармалары, толықт. екінші бас., Том Х. – Астана: Сарыарқа, 2016.
15 Мұқанов С. Өмір мектебі. – Алматы: Жазушы, 1970. – 485 б.

Материал поступил в редакцию журнала 26.01.2025

The semantics of the word katyn

Sh. Kurmanbaiuly[1], M. E. Adilov[1]
[1]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan

The meaning of words in language is dynamic, constantly evolving through processes of expansion, narrowing, and shifts in connotation. Linguistics examines whether a word carries a positive or negative meaning, as well as the factors influencing these changes. Some words originally associated with negative meanings have developed positive connotations over time. For instance, Kazakh words such as ‘zhaman’, ‘shirkin’, ‘zhauyz’, ‘zhyndy’, and ‘sumdyk’ have undergone semantic transformation. The word ‘shirkin’, once meaning "beautiful," now primarily conveys a negative sense, while ‘zhaman’, used in phrases like ‘zhaman bala’ to ward off misfortune, has acquired a positive connotation in certain contexts, as seen in names like Zhamanbay and Zhamantai. Similarly, in Turkish, ‘yaman’ retains a positive meaning, whereas ‘shirkin’, meaning “magnificent” in Kazakh, has taken on a negative sense.

Conversely, some words have shifted from a positive to a negative meaning. A notable example is “katyn”, which originally signified "mistress, queen, or princess" in ancient Turkic but now conveys a derogatory meaning, referring to an "old or unpleasant woman." This study traces the semantic evolution of “katyn” from its use in ancient Turkic through the early 20th century, analyzing its changing connotations in the works of the great Kazakh poet Abai. The research explores the motivations behind this shift and the broader linguistic and cultural factors influencing semantic change.

Key words: semantics, word meaning change, katyn, Abay, Kazakh language.

REFERENCES

1 Işık Y. Kadın sözcüğünün tarihsel süreç içerisinde değişen anlamları [Women in the history of the historical process changing meanings]. Türkoloji dergisi, 2018, (89): 68-84.
2 Useev N. Köktürk harfli Yenisey yazıtlarındaki kadını bildiren kelimelerin anlamına göre eski Türklerde kadın imajı [The Image of Women in Old Turks Within The Meaning of The Words Which Reported Women and Passed at The Kokturk Lettered Yenisey İnscriptions]. Dil Araştırmaları, 2012 (11): 57-66.
3 Pokrovskaya L. Terminy rodstva v Tyurkskih yazykah. [Kinship terms in the Turkic languages]. (Moskva, Izd-vo AN SSSR, 1961).
4 Syzdykova R. Abaidyn soz ornegi [Abai's word expression]. (Almaty, Sanat, 1995).
5 Clauson G. An Etymological Dictionary of Pre-Thirteen-Century Turkish. London: Oxford University Press, 1972.
6 Mamyrbekova G. Kazak tilindegi arab, parsy sozderiniң tusindirme sozdigi [Dictionary of Arabic-Persian words]. (Almaty, 2017, 658).

ISSN 2788-7979 (online)
7 Ercilasun A.; Akkoyunlu Z. Dîvânu Lugâti't-Türk. (Ankara, TDK Yayınları, 2015).
8 Gülensoy T. Türkiye Türkçesindeki Türkçe sözlüklerin köken bilgisi sözlüğü [Etymological dictionary of Turkish dictionaries]. (İstanbul, Bilge Kültür Sanat, 2018).
9 Zhanpeisov E. Etnokul'turnaya leksika Kazakhskogo iazyka [Ethnocultural vocabulary of the Kazakh language]. (Almaty, Nayka, 1989).
10 Syzdykova R. Sozder soyleidi [Words speak]. (Almaty, Sanat, 1994).
11 Kunanbaiuly A. Olender [Abay's poems]. (Sankt-Peterburg, Vostochnaya pechat', 1909).
12 Petek E. Abai olenderi kolzhazbasy [Manuscript of Abay's poems]. (Almaty, Ulagat, 2023).
13 Kudayberdiuly Sh. Olender men poemalar [Poems]. (Almaty, Atamura, 2003).
14 Bokeikhan A. Shygarmalary [works]. (Astana, Saryarka, 2016).
15 Mukanov S. Omir mektebi [School of life]. (Almaty, Zhazushy, 1970).

Received: 26.01.2025

IRSTI 16.31.41 DOI: 10.59102/kufil/2025/iss1pp114-136

S.Ye. Nurgaliyeva[1], A.Sh. Zhumasheva[1]
[1]Toraighyrov University, Pavlodar, 140000, Kazakhstan

THE ROLE OF AUDIOVISUAL TRANSLATION IN SHAPING CULTURAL IDENTITY: DISNEY SONGS IN KAZAKHSTAN

This article examines the impact of audiovisual translation of Disney songs on the formation of cultural identity in Kazakhstan. The purpose of the study is to analyze how the translation of Disney songs can contribute to the strengthening or transformation of the cultural identity of the Kazakh people. The hypothesis is that the adaptation of song lyrics, in addition to semantic translation, includes localization elements that contribute to deeper emotional perception and audience identification with the content. Qualitative research techniques, such as analyzing translated texts and comparing the original and translated versions, are employed to determine how the translated songs are perceived emotionally. In the context of globalization, it is important to understand how foreign content adapted to local cultural contexts affects young people and their self-identity. The scientific novelty of the given research is that the study of audiovisual translation of Disney songs in the context of cultural identity formation in Kazakhstan represents a significant contribution to the existing academic literature. In contrast to traditional studies focusing on lexical and syntactic aspects of translation, this paper focuses on socio-cultural mechanisms that influence the perception of content by local audiences. The study examines how elements of localization and text adaptation can transform the original meaning of songs, making them more familiar and relevant to Kazakh audiences. This reveals how translated songs help young people to strengthen their cultural roots by creating a space for identification and self-awareness. The study's findings could be helpful to translators, educators, and cultural workers since they will aid in the development of more efficient methods for translating and modifying multimedia content in order to support the preservation and promotion of Kazakh cultural identity in the current global context.

Key words: audiovisual translation, cultural identity, Disney songs, Kazakh language, Kazakh audience, localization, adaptation.

MAIN PROVISIONS

With an emphasis on the translation of Disney songs into Kazakh for a young audience, we examine in this study how audiovisual translation (AVT) shapes cultural identity. The main focus is how young people in Kazakhstan's cultural views, emotional resonance, and social ideals are affected